

Демалыс күнін ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 27 ақпандағы N 148 Қаулысы

Еңбекшілердің демалысы үшін қолайлы жағдайлар жасау және 2007 жылғы наурызда жұмыс уақытын ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Демалыс күні 2007 жылғы 11 наурыз жексенбіден 2007 жылғы 9 наурыз жұмаға ауыстырылсын.

2. Қажетті өнімді шығару, қаржылықты қоса алғанда, қызметтер көрсету, сондай-ақ құрылыс объектілерін іске қосу үшін еңбек, материалдық және қаржы ресурстарымен қамтамасыз етілген ұйымдарға кәсіподақ ұйымдарымен келісім бойынша 2007 жылғы 9 наурызда жұмыс жүргізуге құқық берілсін.

Көрсетілген күнгі жұмыс Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өтеледі.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі